

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Ж.Махметов

Әдістемелік кеңес отырыстары



| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімдері | Жауаптылар |
|---|---------------|------------|------------|
|---|---------------|------------|------------|

Әдістемелік кеңестің № 1 отырысы

1.2023-2024 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру; /оқу ісінің меңгерушісі м.а М.Ахметова /

қыркүйек

ӘБ жетекшілер  
М.Ахметова  
Б.Гайли  
Мектеп  
директоры  
Пән мұғалімдері

2.2023-2024 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру

1 /тәрбие ісінің меңгерушісі Гайли Б.Д./

3. Әдістемелік кеңес мүшелерінің функциялық міндеттерін белгілеу;

/ оқу ісінің меңгерушісі м.а М.Ахметова./

4.2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік жұмысты талдау және аттестация қорытындысы 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;

;

Әдістемелік кеңестің № 2 отырысы

4. Қазақ тілі, әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінің апталығына қорытынды жасау. бірлестік жетекшісі Г.Төлеу/

қараша

Г.Төлеу,  
Р.Смагулова  
ӘБ жетекшісі  
ОЖ  
орынбасары

2

5. «Күнделік кз» платформасының жұмыс барысы, кемшіліктердің алдын алу

/ оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/

6. Ғылыми жұмыс, авторлық бағдарламалар туралы

/ Педагог-шебер А.Туребекова

педагог-зерттеуші Р.Смагулова/

Әдістемелік кеңестің № 3 отырысы

1. Үлгерімі нашар оқушымен жұмыс.

қаңтар

/ тәрбие ісінің меңгерушісі Б.Гайли

2. «Күнделік кз» платформасының жүргізілуі

/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/

3

3. Бастауыш сынып бірлестігінің апталығының қорытындысы

/ бірлестік жетекшісі А.Туребекова/

Мектеп  
психологы  
Ж.Махметова  
Сынып  
жетекшілері  
Пән мұғалімдері  
ӘБ  
жетекшілері

ОТЖ  
орынбасарлары

**Әдістемелік кеңестің № 4 отырысы**

- |   |                                                                                                           |        |                                                            |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|------------------------------------------------------------|
|   | 1. Аудандық пәндер олимпиадасының қорытындысы.<br>/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/                    | наурыз | ӘБ жетекшілері<br>М.Ахметова<br>Пән мұғалімдері<br>Б.Гайли |
| 4 | 2. Дарынды балалармен жұмыстың түрлері мен<br>әдістерін жетілдіру<br>/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/ |        |                                                            |
|   | 3. Математика, жаратылыстану бағытындағы<br>апталықтардың тізімі<br>/ бірлестік жетекшісі Ж.Капбасова/    |        |                                                            |

**Әдістемелік кеңестің № 5 отырысы**

- |   |                                                                                                                                                                                               |       |                                                                                   |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|-----------------------------------------------------------------------------------|
|   | 1. «Бастауыш сынып оқытудың жаңа әдістері мен<br>ақпараттық коммуникативті технологияларды<br>қолдану» тақырыбындағы аудандық семинар<br>қорытындысы.<br>/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/ | Мамыр | Пән мұғалімдері<br>ОТЖ<br>орынбасарлары<br>ӘБ жетекшілері<br>ОТЖ<br>орынбасарлары |
| 5 | 2. Мұғалімдердің өз білімін жетілдіру бойынша жеке<br>жоспарларының орындалуы, тәжірибе алмасу<br>жұмыстарының сапа<br>/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/                                   |       |                                                                                   |
|   | 3. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді<br>ұйымдастыру. «Шіркін life» лагерінің жұмысы                                                                                                          |       |                                                                                   |

Оқу ісінің меңгерушісі:

М.Ахметова

**«Майшұқыр негізгі орта мектебі» КММ бойынша  
әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы № 1**

**Тақырыбы: «Мемлекеттік білім беру стандартының талаптары, оқу  
бағдарламаларын білу, оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің болуы»**

2023 жылғы «08» қыркүйек

Қатысқаны: 13

Қатыспағаны: 2( қосалқы)

**Күн тәртібінде:**

1.2023-2024 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру;

/оқу ісінің меңгерушісі м.а М.Ахметова /

2.2023-2024 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру

/тәрбие ісінің меңгерушісі Гайли Б.Д./

3. Әдістемелік кеңес мүшелерінің функциялық міндеттерін белгілеу;

/ оқу ісінің меңгерушісі м.а М.Ахметова./

4.2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік жұмысты талдау және аттестация қорытындысы 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;

**«Майшұқыр негізгі орта мектебі» КММ бойынша  
әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы № 2**

**Тақырыбы: «Гуманитарлық бірлестігінің апталығының қорытындысы»**

2023 жылғы «03» қараша

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібінде:**

1. Қазақ тілі, әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінің апталығына қорытынды жасау.

/ бірлестік жетекшісі Г.Төлеу/

2. «Bilimland» платформасының жұмыс барысы, кемшіліктердің алдын алу. Starlink интернет желісімен жұмыс істеу

/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/

3. Аттестациядан өтетін мұғалімдер туралы

/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/

**«Майшұқыр негізгі орта мектебі» КММ бойынша  
әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы № 3**

**Тақырыбы: «Мектепшілік олимпиаданың қорытындысы»**

2024 жылғы «12» қаңтар

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібінде:**

1. Үлгерімі нашар оқушымен жұмыс.

/ тәрбие ісінің меңгерушісі Б.Гайли/

2. «Күнделік кз» платформасының жүргізілуі

/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/

3. Бастауыш сынып бірлестігінің апталығының қорытындысы

/ бірлестік жетекшісі А.Туребекова/

**«Майшұқыр негізгі орта мектебі» КММ бойынша  
әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы № 4**

**Тақырыбы: «Жаратылыстану-математика бірлестігінің апталығының  
қорытындысы»**

2024 жылғы «15» наурыз

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібінде:**

1. Аудандық пәндер олимпиадасының қорытындысы.

/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/

2. Дарынды балалармен жұмыстың түрлері мен әдістерін жетілдіру

/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/

3. Математика, жаратылыстану бағытындағы апталықтардың тізімі

/ бірлестік жетекшісі Ж.Капбасова/

**«Майшұқыр негізгі орта мектебі» КММ бойынша  
әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы № 5**

**Тақырыбы: «Оқу жылының аяқталуы»**

2024 жылғы «03» мамыр

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 0

**Күн тәртібінде:**

1. «Бастауыш сынып оқытудың жаңа әдістері мен ақпараттық коммуникативті технологияларды қолдану» тақырыбындағы аудандық семинар қорытындысы.

/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/

2. Мұғалімдердің өз білімін жетілдіру бойынша жеке жоспарларының орындалуы, тәжірибе алмасу жұмыстарының сапасы

/ оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова/

3. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру. «Шіркін life» лагерінің жұмысы

### Отырыс барысы:

Кенес алдында оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова биылғы оқу жылының күн тәртібімен таныстырып, бірінші мәселе бойынша тоқталды: 2023-2024 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

-Тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 2- сыныпта «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізіледі, 1-сыныпта оқытылмайды, келесі оқу жылында 3-сыныптан бастап оқытылатын болады. Биылғы оқу жылында 9 сынып, 7 комплекті бар. Барлығы 33 оқушы, 12 мұғалім, 2 қосалқы мұғалім еңбек етеді. «Күнделік.кз» платформасымен бірге «Білімланд» платформасы жұмыс істейді. Мұғалімдер осы платформамен жұмыс істей алуы керек, озық тәжірибелерді үйрену, ақпараттық коммуникация технологиясын қолдана білу, цифрлық сауаттылық, жаңаша оқыту технологиясын сабақта қолдану-бүгінгі заман талабы.

Екінші мәселе бойынша тәрбие ісінің меңгерушісі Б.Гайли: Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарлама негізінде жүзеге асырылатын болады. Үш құндылықты басты назарға алу керек: Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап. Барлық сынып сағаттары осы үш құндылыққа негізделіп жасалу керек.

Оқу ісінің меңгерушісі бірлестік жетекшілерінің функцияларына тоқталды.

Биылғы оқу жылында «Starlink» спутниктік желісі қосылатын болады, Сіздерге интернетті пайдаланып, сабаққа қолдану мүмкіндігі артады. Және бастауыш сынып мұғалімдері аудан көлемінде семинар өткізеді, соған мектеп бойынша жұмылып көмектесу керек. Қазірден бастап ашық сабақтарыңызды дайындай беріңіздер.

Бытырғы оқу жылы толағай жетістіктер болды: Рысдаулет Дина «Қорғалжын өңірі» газетінің мерейтойына катысып, үздік шығарма жазғаны үшін жүлделі Бас бәйгені жеңіп алды, 15000 тг сертификатқа ие болды. Бұл оқушы республикалық пәндер олимпиадасының аудандық кезеңінен 1 орын, облыстық кезеңнен 2-орынға ие болды. Пәндер олимпиадасынан аудандық кезеңде 5-сыныптан Бейсенбек Мұхаммедәлі -2 орын, 6-сынып оқушысы Сейтахмет Мейірлан ағылшын тілінен 3-орынға ие болды.

### Қаулы:

1. 2023-2024 ж Әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынып әдістемелік жұмыс жоспары құрылсын
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде сынып жетекшілері тәрбие жоспарларын бекітсін, Үш құндылық: Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап негізге алынсын.
3. 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

### Отырыс барысы

Бірлестік жетекшісі Г.Төлеу 5- қыркүйек «Қазақстан халқының тілдері күні» мерекесіне орай өткізілген іс-шаралар мен тілдер апталығының қорытындысы жайлы айтты. Сынып жетекшілер өз сыныптарында жоспар бойынша сынып сағаттарын өткізді. Қазақ тілімі мұғалімі Г.Төлеу оқушыларға шығарма жазғызса, ағылшын тілінен Смагулова Р.К «Кім жүйрік?» викториналық ойын өткізді. Қабырға газеттері шығарылып, орыс тілінен диктант жазылды. Оқушылар тіл туралы қызығарған өлең жолдарын мәнерлеп оқыды. Дегенмен, апталықтағы оқиғалықтар жайлы да айтылды. Мұғалімдерге тәжірибе алмасу үшін бір-бірінің сабақтарына жиі қатысу керектігі, ашық сабақтар өткізу, жетістіктер көрсету, білімдерін үздіксіз жетілдіріп отыру керектігі айтылды.

Келесі мәселе бойынша оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова «Bilimland.kz» платформасының жұмыс барысы жайлы тоқталды. Бұл платформадан дайын сабақтар алып, оқушыларға қосымша беру, тест жұмыстарын оорындау, мониторинг үнемі шығарылып отырады. Күнделік .kz бойынша уақытылы баға қою, үй жұмыстарын беру, күнделікті белгілеп отыру бірге алып жүретін жұмыс. Starlink интернет желісі пилоттық жоба ретінде қосылатындықтан, интернет жылдамдығын пайдаланып, ақпараттық технологияларды қолдана отырып, барынша сабақты нәтижелі өткізу керек.

Келесі мәселеде аттестациядан өтетін мұғалімдер Смагулова Р.К-педагог-зерттеушіні растау. Гайли Б.Д-педагог-сарапшыны растау, Ахметова М.О-педагог-модератор алу, Капбасова Ж.Ж-педагог-модератор алу бойынша кезекті аттестациядан өтеді. Мұғалімдер тест тапсырып, портфолиоаларын дайындасын.

#### Қаулы:

1. Пән апталықтарының өткізілуін жандандыру.
2. «Bilimland» платформасымен жұмыс істеуді жүйеге келтіру..
3. Аттестациядан өтетін мұғалімдер тесттен өткен жағдайда жетістіктерін растайтын портфолиосын қаралымға ұсынсын.

## Отырыс барысы

Тәрбие ісінің меңгерушісі М.Ахметова:

Өздеріңіз білесіздер бізге 8-сыныпқа Шакуров Самир отбасылық жағдаймен көшіп келгені себепті қосылды. Денемен, баланың тәртібі нашар, сабақтан себепсіз көп қалады. Үлгерімі нашар, ата-анасымен қарым-қатынасы жеткілікті дұрыс еме, тыңдамайды. Мұғалімдер көп шағым айттыңыздар. Енді бұл баланы қатаң бақылауға алып, онымен жан-жақты жұмыс істеу керек. Пән мұғалімдері, мектеп психологы, тәрбие ісінің меңгерушісімен бірлесе отырып, жұмыс істеміздер. Жоспар құрып, сабаққа келмеген уақытта ауыл учаскелік инспекторына, білім бөліміне хабарлап отыру керек. Тағы бір оқушы Секербасев Нұрсайын қаладан келді, сабаққа ынтасы төмен, мұғалімдерден көмек керек.

Келесі мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылында III тоқсанынан бастап «Білім класс» жаңа платформаға ауысамыз. Ақмола облысы бойынша тәжірибеге енгізілді. «Күнделік. kz» платформасы аудан көлемінде жұмыс істеуін тоқтатты.

Бірлестік жетекшісі А.Туребекова бастауыш сынып бірлестігінің қорытындысына тоқталды. Барлығы 4 мұғалім бірлестікте, әр мұғалім жоспар бойынша ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар өткізді. «А.Құнанбаевтың қара сөздерін оқу» аудандық байқауда Еркін Мамық жүлделі 3-орынға ие болды. Жетекшісі М.Ахметова. Республикалық «Бастау-(әліппе-1 сынып)» олимпиадасына 1-сынып оқушысы Сейтахмет Нұрым қатысып, 1-орынға ие болды.

Қаулы.

4. Аудандық пәндер олимпиадасына оқушыларды дайындау жұмыстары қарқынды жүргізілсін.
5. «Білім класс» платформасына сабақтың тақырыптық жоспарлары енгізілсін, әр мұғалім бұл платформамен жұмыс істей алу үшін инструкциялармен таныссын.
6. Бастауыш сынып бірлестігінің жұмысын жандандыру.

## Отырыс

Оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова: аудандық пәндер олимпиадасының қорытындысы бойынша 5-6 сыныптардан 4 оқушы қатысты, бірақ орын алған жоқ. 7-8-сынып бойынша 7 оқушы қатысты. Физика пәнінен 8-сынып оқушысы Бейсенбек Ұлжан 1-орын иеленді, пән мұғалімі Абдикаримова З.Б. 8-сынып оқушысы ошақбаев Бекзат 3-орын алды, пән мұғалімі Төлеу Г.Ә. 7-сынып оқушысы Сейтахмет Мейірлан ағылшын тілінен 3-орын, жетекшісі Смагулова Р.К. 8-сынып оқушысы Жанатай Әлішер 3-орын ағылшын тілінен, жетекшісі Смагулова Р.К. Ағылшын тілінен 9-сынып оқушысы Рахимжанова Гүлнұр аудан көлемінде 1-орынға ие болып, облыстық олимпиадаға қатысып келді. Жетекшісі Смагулова Р.К. Жетістіктер ауыз толтырып айтарлық болғанымен де басқа пәндерден де орын алуға, қатыстыруға жағдай жасау керек.

М.Ахметова: мектебімізде тек қана үлгермейтін, тәртібі нашар оқушылармен ғана жұмыс болмау керек. Талапты, дарынды балалармен де жұмыс істеуді жалғастыру керек. Бұл істе жылда озық үлгі көрсететін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Төлеу. Атап айтқанда, биылғы оқу жылында І.Жансүгіров оқуларына 4 оқушы қатысып, төртеуі де аудан көлемінде жүлделі 1-орынға ие болып, облысқа жолдама алды. Олар Ошақбаев Бекзат, Бейсенбек Ұлжан және Бозай Ерболат. 9-сынып оқушысы Әбілхан Ақару. Мұқағали Мақатаев оқуларынан Бейсенбек Ұлжан аудан көлемінде 1-орын алды. Облыста Ә.Жансүгіров оқуларынан Ошақбаев Бекзат қатысып, 1-орынға ие болды. Бұл әрине, мектептің абыройын асқақтатты. Мұғалімдер түрлі байқауларға, жарыстарға, спорттық жарыстарға тартып жатыр. Жақсы нәтижелер де көрсетіп жүрсіздер. Осы істі жалғастыра беру керек.

Келесі мәселе бойынша жаратылыстану, математика циклі бойынша бірлестік жетекшісі Капбасова Жанна Жұмажанқызы: Математика, физика, химия, география, биология, информатика, денешынықтыру пәндері бойынша мұғалімдердің ашық сабақтары, сыныптан тыс жұмыстары өтті. Бірлестікте 7 мұғалім бар. Мұғалімдер үнемі білімдерін жетілдіріп отырады, оқушыларын түрлі олимпиадаларға, жарыстарға қатыстырып отырады.

Қаулы.

Облыстық пәндер олимпиадасына 8-сынып оқушысы Бейсенбек Ұлжанды қатыстыру үшін пән мұғалімі дайындықты күшейту.

8-сынып оқушысы Ошақбаев Бекзат республикалық кезеңге қатысу үшін дайындасын.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің аудандық семинарын өткізу үшін жұмылып қолдау көрсету..

## Отырыс

Оқу ісінің меңгерушісі М.Ахметова: аудандық семинар 25 сәуір күні өткізілді. Ашылу салтанатынан кейін мұғалімдер бірден сабақтарын бастап кетті. Бастауыш сынып мұғалімі А.Туребекова қазақ тілінен 2-4 сынып оқушыларымен «Сан есім» тақырыбында шеберлік сағатын көрсетті. Әдебиеттік оқу бойынша 3-сынып оқушыларымен Ахметова М.О ана тілі пәнінен «Жаңбыр» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ұялы ауылы мен Ақтан Төлеубаев мектебінен 2- бастауыш сынып мұғалімдері өз сабақтарын көпшілік талқысына салып, тәжірибе алмасты. Тәрбие ісінің меңгерушісі, бастауыш сынып мұғалімі Б.Гайли Даналық мектебі бойынша «Ырым-тыйым әдептілік негізі» тақырыбында тәрбие жұмысын көрсетсе, мектеп психологы Ж.Махметова ата-аналарды қолдау орталығы бойынша «Бала тәрбиесі-мәңгілік мейрам!» тақырыбында тәжірибе алмасты. Жалпы, семинар өз деңгейінде, жақсы өтті, қатысқан мұғалімдер, әдістемелік бөлімнің әдіскерлері оң пікір айтты. Барлық ашық сабақ өткізген мұғалімдер мен ат салысқан ұжымға алғыс білдіреміз.

Келесі мәселе бойынша М.Ахметова: мұғалімдер тек оқушыларды ғана дайындап, олимпиадаларға қатыстырумен шектелмей, үздіксіз білімін жетілдіріп отыру қажет. Бұл олардың аттестациядан өтуіне тікелей ықпал етеді. Түрлі пәндік олимпиадаларға қатысып, шеберлік сағаттарын ұйымдастыру, семинарлар, курстарға қатысу, әдістемелік материалдарға жазылу, ғылыми жұмыс, авторлық бағдарлама жазу керек. Тәжірибе алмасу маңызды.

Тәрбие ісінің меңгерушісі Б.Гайли: оқушылардың жазғы уақытын тиімді өткізу үшін мектеп жанындағы «Балдәурен» лагері, «Шіркін life» лагерінің жоспарын осында қатысатын мұғалімдер дайындаңыздар. Былтырғы оқу жылында жақсы деңгейінде өткізген, сол деңгейден түсірмеулеріңізді сұраймын.

## Қаулы

1. Аудандық семинардың жақсы өткізілуіне ат салысқан мұғалімдерге алғыс білдірілсін
2. Авторлық бағдарламалар жазған мұғалімдер жұмыстарын облыс, республика көлемінде насихаттауға дайындалсын
3. Жазғы демалыс лагерін тиімді өткізу үшін мұғалімдердің жоспары дайындалып, бекітілсін.